

БЕКІТІЛДІ
«Виктория» СК» АҚ
Директорлар кеңесі
2023 жылдың «27»
желтоқсандағы
№42 Хаттама

27.12.2023 жылғы өзгертулермен

«ВИКТОРИЯ» СК» АҚ
ТАСЫМАЛДАУШЫНЫҢ ЖОЛАУШЫЛАР АЛДЫНДАҒЫ
АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТІ
САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕСІ

Алматы қ., 2023 жыл

Мазмұны

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИ	4
3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ	4
4. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА	4
5. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ	5
6. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ	7
7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ	9
8. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	10
9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУ ҮШІН ҚАЖЕТ ҚҰЖАТТАР	12
10. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ	14
11. ЗИЯН КЕЛТІРГЕН ТҰЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ	16
12. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БОСАТУ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БАС ТARTУ	16
13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ	17
14. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ	18
15. ТАСЫМАЛДАУШЫНЫҢ ЖОЛАУШЫЛАР АЛДЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	18
16. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР	19

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұл Ереже 2000 жылғы 18-желтоқсандағы №126-II «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, 2003 жылғы 1-шілдедегі №444-II «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – «Заң»), сонымен қатар Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық және нормативтік актілеріне сәйкес әзірленді.

1.2. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың (бұдан әрі – «тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру») мақсаты – жолаушыларды тасымалдау кезінде олардың мүлктік мүддесін сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

1.3. Осы Ереженің (бұдан әрі – «Ереже») шарттарымен бұдан әрі «Сақтандырушы» деп аталатын «Виктория» СК» АҚ тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – «сақтандыру шарты») жасайды.

1.4. Ережеде келесідей түсініктер қолданылады:

1) **Пайда алушы** – осы Ережеге сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

2) **Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі** – тасымалдаушының жолаушыларды тасымалдау кезінде олардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеуінің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген өтеу міндеті;

3) **Сақтандырылушы** – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

4) **Жолаушы** – тасымалдаушымен ауызша немесе жазбаша нысанда тасымалдау шартын жасасқан жеке тұлға;

5) **Тасымалдаушы** – меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде, қалалық рельстік көлікті қоса алғанда, теміржол, теңіз, ішкі су, әуе, автомобиль көлігі құралын иеленетін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жолаушыларды және олардың мүлкін ақы төлеу немесе жалдау бойынша тасымалдауды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

6) **Жәбірленуші** – тасымалдауды жүзеге асыру кезінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген жолаушы;

7) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтанушы бір мезгілде Сақтандырылушы болып табылады;

8) **Сақтандыру сыйлықақысы** – Сақтанушы Сақтандырушыға соңғысы сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;

9) **Сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

10) **Сақтандыру төлемі** – Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы.

11) **Сақтандыру жағдайы** – басталуына орай сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

12) **Сақтандырушы** – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алған, сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (Пайда алушыға) шартта айқындалған

сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға;

13) **Франшиза** - сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату;

14) **Жолаушының мүлкі** – тасымалдау кезінде зиян келтірілгені үшін тасымалдаушы жауап беретін жолаушының багажы және жолаушының өзімен алып жүретін қол жүгі;

15) **Уәкілетті орган** - қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі орган.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИ

2.1. Тасымалдаушының Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген жолаушыларды тасымалдау кезінде олардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты мүлктік мүддесі – сақтандыру объектісі болып табылады.

2.2. Жолаушыларды және олардың мүлкін темір жол, теңіз, ішкі су, әуе, автомобиль көлігімен және қалалық рельстік көлікпен тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылардың - Қазақстан Республикасы резиденттерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандырылуға жатады.

2.3. Тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігі жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралының әр бірлігі бойынша сақтандырылуға жатады. Халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушы Қазақстан Республикасында ратификацияланған халықаралық шарттарға сәйкес тасымалдаушының жауапкершілігін сақтандыру шартын жасауға міндетті.

2.4. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің ерікті сақтандыру шартын жасасуы тасымалдаушыны тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндеттен босатпайды.

3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

3.1. Тасымалдау кезінде жолаушылардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі – сақтандыру жағдайы деп танылады.

4. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА

4.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында бір сақтандыру жағдайы (сақтандыру сомасы) бойынша сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі бөлек көрсетілуге және кемінде мынадай мөлшерлерді құрауға (айлық есептік көрсеткіштермен):

- 1) әрбір жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін және ол мыналарға алып келсе:
 - а) қаза табуға - 5 000;
 - б) мүгедектіктің:
 - бірінші тобы белгіленсе - 5 000;
 - екінші тобы белгіленсе - 3 500;
 - үшінші тобы белгіленсе – 2 500;
 - мүгедектігі бар балаға - 5 000.
 - в) мертігуге, жарақаттануға немесе денсаулықтың мүгедектік белгіленбеген өзге де зақымдануына – амбулаториялық және (немесе) стационарлық емделуге іс жүзіндегі шығыстар мөлшерінде, бірақ 200-ден аспауға.
- 2) әрбір жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін – келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ 250-ден аспауға тиіс.

4.2. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жөніндегі франшиза бір сақтандыру жағдайы бойынша және әрбір жәбірленуші бойынша айлық есептік көрсеткіштің бес еселенген мөлшерін құрайды. Келтірілген зиянның мөлшерінен асып кеткен жағдайларда сақтандыру төлемі толық мөлшерде жүзеге асырылады.

4.3. Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі франшиза қолданылмай жүзеге асырылады.

4.4. Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген, қайтыс болуға немесе мүгедектік белгіленуіне әкеп соққан зиян үшін сақтандыру төлемі осы Ереженің 4.1-тармағында белгіленген сақтандырушы жауапкершілігінің шекті мөлшерінде жүзеге асырылады.

4.5. Жолаушының өмірі мен денсаулығына тасымалдау кезеңінде келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі тасымалдаушының кінәсіна қарамастан өтеуге жатады.

5. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

5.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асырған кезде көлік құралының әр бірлігі үшін жылдық сақтандыру сыйлықақыларының мынадай мөлшерлері белгіленеді (айлық есептік көрсеткіштермен):

Рет №	Көлік құралының атауы	Жылдық сақтандыру сыйлықақысының мөлшері
1	Автомобиль көлігі	
	1) жеңіл автомобильдер, автобустар, шағын автобустар:	
	жолаушылар орны 4-ке дейін	3
	жолаушылар орны 4-тен 7-ге дейін	5
	жолаушылар орны 7-ден 16-ға дейін	11,5
	жолаушылар орны 16-дан 30-ға дейін	16
	жолаушылар орны 30-дан көп	23
2	2) трамвайлар, троллейбустар	7
	Өуе көлігі	
	1) ұшақтар	
	жолаушылар орны 50-ге дейін	400
	жолаушылар орны 50-ден 120-ға дейін	990
	жолаушылар орны 120-дан 200-ге дейін	2180
3	жолаушылар орны 200-ден көп	3820
	2) тікұшақтар	135
	Теңіз көлігі	
	жолаушылар орны 50-ге дейін	50
	жолаушылар орны 50-ден 100-ге дейін	100
4	жолаушылар орны 100-ден 150-ге дейін	150
	жолаушылар орны 150-ден 300-ге дейін	300
	жолаушылар орны 300-ден көп	530
4	Ішкі су көлігі	
	жолаушылар орны 50-ге дейін	17,5
	жолаушылар орны 50-ден 100-ге дейін	35
	жолаушылар орны 100-ден 150-ге дейін	50
	жолаушылар орны 150-ден 300-ге дейін	90

жолаушылар орны 300-ден көп

160

5.2. Темір жол тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдау бойынша іске асырылатын қызмет көрсетуден түскен, тасымалдаушының жауапкершілігін сақтандыру шартының қолданылу күшінің кезеңі ішінде тасымалдаушының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша алған (алуға тиіс) кіріс сомасының 0,2 пайызын құрайды, бір ай ішінде алынған (алынуға тиіс) кірістен ай сайынғы жарналар түрінде төленеді.

5.3. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын он екі айдан кем мерзімге жасасқан кезде сақтандыру сыйлықақыларының мынадай мөлшерлері (жылдық сақтандыру сыйлықақысының %-мен) белгіленеді:

Рет №	Сақтандыру мерзімі	Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысының пайызымен)
1	1 айға дейін, қоса алғанда	20
2	1 айдан 2 айға дейін, қоса алғанда	30
3	2 айдан 3 айға дейін, қоса алғанда	40
4	3 айдан 4 айға дейін, қоса алғанда	50
5	4 айдан 5 айға дейін, қоса алғанда	60
6	5 айдан 6 айға дейін, қоса алғанда	70
7	6 айдан 7 айға дейін, қоса алғанда	75
8	7 айдан 8 айға дейін, қоса алғанда	80
9	8 айдан 9 айға дейін, қоса алғанда	85
10	9 айдан 10 айға дейін, қоса алғанда	90
11	10 айдан 11 айға дейін, қоса алғанда	95
12	11 айдан жоғары	100

Осы тармақтың күші темір жол тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушымен жасасқан тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартына қолданылмайды.

Сақтандыру сыйлықақыларының мөлшерін ұлғайту

5.4. Темір жол тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушының жолаушылар алдындағы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде Сақтандырушы осы Ереженің 5.2-тармағында көзделген сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін өзі жүргізген сақтандыру тәуекелін бағалаудың нәтижелері бойынша, бірақ тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты қолданылатын кезеңнің ішінде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жолаушылар мен олардың мүлкін тасымалдаудан алынған (алынуға тиіс) кіріс сомасының 0,5 пайызынан аспайтын мөлшерге дейін ұлғайтуы мүмкін.

5.5. Теміржол тасымалынан басқа, жолаушылар тасымалының өзге де түрлерін жүзеге асыратын тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушы осы Ереженің 5.1-тармағында көзделген сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін өзі жүргізген сақтандыру тәуекелін бағалаудың нәтижелері бойынша ұлғайтуы мүмкін, бірақ ол 2 еседен аспауға тиіс.

Сақтандыру сыйлықақыларын төлеудің тәртібі мен мерзімдері

5.6. Сақтандыру сыйлықақысын төлеудің тәртібі мен мерзімдері сақтандыру шартында белгіленеді.

5.7. Егер сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысын төлем мерзімін ұзартып төлеу көзделсе, онда Сақтанушының кезекті сақтандыру жарнасын төлемеуі Сақтандырушының осы шартты мерзімінен бұрын тоқтатуы үшін негіз бола алмайды.

5.8. Кезекті сақтандыру жарнасы уақтылы төленбеген жағдайда Сақтанушы Сақтандырушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

6. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

6.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру осы Ереже мен Заңға сәйкес Сақтанушы мен Сақтандырушының арасында жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады.

6.2. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында мүліктің тауарлық құнының жоғалуын, сондай-ақ жәбірленушінің тауарларды жеткізудің немесе жұмыстарды жүргізудің (қызметтер көрсетудің) мерзімдерін, оның келісім-шарттар (шарттар) бойынша өзге де міндеттемелерді бұзуына байланысты тұрақсыздық айыбын өтеуді қоса алғанда, жәбірленушінің моральдық зиянын және ала алмаған пайдасын өтеуді қоспағанда, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіру салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді.

6.3. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Пайда алушыға осы Ережеде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

6.4. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеуі арқылы жасалады. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты Сақтанушының қалауы бойынша Сақтандырушыға жазбаша түрде жүгінуі арқылы немесе Сақтанушы мен Сақтандырушының арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу арқылы жасалуы мүмкін.

6.5. Сақтандыру шартын жасасу үшін Сақтанушының өтініші негіз болып табылады.

6.6. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетілуге жататын талаптардың толық болмағаны үшін Сақтандырушы жауапты болады. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша оның жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан дау туындаған жағдайда, дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.

6.7. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полисінің мазмұны мен ресімделуі жөніндегі талаптар Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленеді.

6.8. Егер Сақтандырушы тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын Сақтанушының (Сақтандырылушының) немесе жәбірленушінің жағдайын Заңда көзделгенмен салыстырғанда нашарлататын талаптармен жасасса, онда сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Сақтанушының (Сақтандырылушының) және жәбірленушінің алдында осы Ережеде белгіленген талаптар бойынша міндетті болады.

6.9. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу кезінде дерекқор қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым, Сақтандырушы және Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) арасында электрондық ақпараттық ресурстар алмасу үшін Сақтандырушының интернет-ресурсы және (немесе) ақпараттық жүйесі пайдаланылады.

6.10. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу үшін өтініш беру кезінде Сақтанушыдан мамандандырылған бағдарламалық қамтылымды пайдалану талап етілмейді.

6.11. Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның интернет-ресурсында Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын электрондық

нысанда жасасу үшін пайдаланылатын Сақтандырушының интернет-ресурсына сілтеме орналастырылады.

6.12. Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымы, Сақтандырушы және Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) арасындағы электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Ақпараттық өзара әрекет ету түрлері сақтандыру бойынша бірыңғай дерекқор арқылы электрондық ақпарат ресурстарын алмасу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

6.13. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасасу кезінде Сақтандырушы:

- 1) Сақтанушыға тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу не оны жасасудан бас тарту (бас тарту себептерін көрсете отырып) туралы хабарламаны электрондық хабар түрінде дереу жөнелтуді;
- 2) Сақтанушының (сақтандырылушының) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жөніндегі ақпаратты Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы тексеру мүмкіндігін;
- 3) Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) үшін Сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда сақтауды;
- 4) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға):
 - а) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау;
 - б) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;
 - в) сақтандыру жағдайының (сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиғаның) басталғаны туралы хабардар ету;
 - г) келтірілген зиян мөлшерін айқындау;
 - д) сақтандыру төлемін алу;
 - е) Заңның 24-1 бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін қажет ақпаратты (өтініштер, хабарламалар және (немесе) өзге де құжаттар, мәліметтер) электрондық нысанда жасау және Сақтандырушыға жөнелту мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

6.14. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу туралы хабарлама дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан жіберіледі. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу туралы хабарламаның тәртібі мен мазмұнына қойылатын талаптарды уәкілетті орган айқындайды.

6.15. Егер тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу арқылы жасасу кезінде осы сақтандыру шарты Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда бірінші сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап жасалды деп есептеледі.

6.16. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу арқылы жасасу кезінде Сақтанушы осы Ережеде, Заңда көзделген сақтандыру талаптарымен танысқаннан кейін сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда бірінші сақтандыру жарнасын)

төлейді, сол арқылы өзіне ұсынылған талаптарда осы қосылу шартын жасасуға өзінің келісетінін растайды.

6.17. Сақтандырушы тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасасу мүмкіндігін тәулік бойы қамтамасыз етеді.

6.18. Қазақстан Республикасының зағдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушының Сақтанушыға тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға құқығы жоқ.

6.19. Сақтандыру агенттерінің көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі қызметіне жол берілмейді.

6.20. Сақтандырушы өзінің интернет-ресурсы арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілімен сақтандыру сыйлықақысын төлеуге мүмкіндік береді.

6.21. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасалған жағдайда, сақтандырушының ұйғаруы бойынша сақтанушыға осы бапқа және осы Ережеге сәйкес есептелген, төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының он пайызынан аспайтын мөлшерде шегеріс берілуі мүмкін.

6.22. Бұл ретте тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында бір мезгілде сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасы мен шегеріс (болған кезде) ескерілген сақтандыру сыйлықақысының сомасы көрсетілуге тиіс.

6.23. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдаланбай, өзге де тәсілдермен жасасу кезінде жеңілдіктер беруге жол берілмейді.

6.24. Сақтандырушы сақтандырушының интернет ресурсын және (немесе) басқа ұйымдардың интернет-ресурстарын пайдаланған кезде «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 15-2. бабының 1-тармағына және 2-тармағының екінші бөлігіне сәйкес, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актінде белгіленген тәртіпте, Сақтанушыға (сақтандырылушыға) сақтандыру келісімшартының қолданыс мерзімі аяқталғаны туралы алдын ала хабарлауды қамтамасыз етеді.

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ

7.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты осы Заңға сәйкес жәбірленуші деп танылған барлық адамдарға қатысты қолданылады.

7.2. Егер сақтандыру шартының талаптарында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шарты, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген, ал оны төлем мерзімін ұзартып төлеген кезде - бірінші сақтандыру жарнасын төлеген кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

7.3. Сақтандыру шарты, осы Ереженің 7.5. және 7.6. тармақтарында көзделген жағдайды қоспағанда, күшіне енгізілген күннен бастап 12 (он екі) ай мерзімге жасалады.

7.4. Сақтандыру шарты сақтандырудың барлық мерзімі ішінде қолданылады және бірінші сақтандыру жағдайының басталуы бойынша қолданылуын тоқтатпайды.

7.5. Егер тасымалдаушының жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдауды жүзеге асыру құқығы 12 (он екі) айдан кем мерзім ішінде аяқталатын болса, онда сақтандыру шарты тек осы мерзімге ғана жасалады.

7.6. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінің таратылатын қатысушысы-сақтандыру ұйымының кредиторларымен (сақтанушыларымен) 12 (он екі) айдан кем мерзімге жасасуға жол беріледі.

7.7. Егер Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

8. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

8.1. Сақтандырушы:

- 1) сақтандыру шартын жасасқан кезде Сақтанушыдан, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартына енгізу үшін қажетті мәліметтерді, оның ішінде тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандырудың осының алдындағы шарттары, сақтандыру жағдайлары және сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты беруін талап етуге;
- 2) тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, олардың құзыретіне орай, сақтандыру жағдайының басталу фактісін және жәбірленушілерге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;
- 3) көлік оқиғасының себептерін және өзге де мән-жайларын анықтау үшін жәбірленушінің зақымдалған (жойылған) мүлкіне бағалау жүргізуге;
- 4) жәбірленушінің денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянның мөлшерін бағалау және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау үшін тәуелсіз сарапшы көрсететін қызметтерді пайдалануға;
- 5) осы Ереженің 11-тарауында көзделген жағдайларда келтірілген зиян үшін жауапты тұлғаға кері талап қоюға;
- 6) осы Ереженің 12-тарауында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға құқылы;

8.1.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында Сақтандырушының Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

8.2. Сақтандырушы:

- 1) Сақтанушыны (Сақтандырылушыны) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру талаптарымен, оның ішінде тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын тараптардың құқықтарымен және міндеттерімен таныстыруға;
- 2) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру полисін ресімдеуге;
- 3) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандырып қорғаудың қолданылу кезеңінде басталған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) туралы хабардар етілген кезінде оны уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес дереу тіркеуге және дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға осы сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) жөнінде мәліметтер ұсынуға;
- 4) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабар алынған кезден бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Сақтанушының немесе оның өкілінің өтініші бойынша келтірілген зиянның мөлшеріне бағалау жүргізуге, сақтандыру төлемі мөлшерінің есеп-қисабын көрсете отырып сақтандыру актісін жасауға және оны танысу үшін Пайда алушыға ұсынуға;
- 5) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Ережеде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жасауға;
- 6) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) олардың сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатымен жұмсаған шығыстарын өтеуге;
- 7) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 8) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және Сақтандырушы өтеуге тиісті зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде, оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға;

9) Сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) өтінішті алған кезде 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушының (жәбірленушінің, пайда алушының) талабын қарауға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;
10) Сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды алынған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына қайта жіберуге міндетті.

8.2.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

8.3. Сақтанушы (Сақтандырылушы):

- 1) Сақтандырушыдан тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандырудың талаптарын, тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) жәбірленушінің денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянның мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы көрсететін қызметтерді пайдалануға;
- 3) Сақтандырушы (оның ішінде Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы) немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген, келтірілген зиянның мөлшерін бағалау нәтижелерімен және сақтандыру төлемі мөлшерінің есеп-қисаптарымен танысуға;
- 4) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға (бұл құқық Сақтанушыға ғана қолданылады);
- 5) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін осы Ереженің 16-бөлімінде көзделген ерекшеліктерді ескере отырып сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;
- 6) заңнамамен көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге;
- 7) заңнамамен көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға құқылы.

8.3.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында Сақтанушының (Сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа құқықтары да көзделуі мүмкін.

8.4. Сақтанушы:

- 1) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде осы Ережеге сәйкес тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартына енгізу үшін қажетті мәліметтерді Сақтандырушыға ұсынуға;
- 2) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге;
- 3) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне белгілі болғаннан бастап шұғыл түрде, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірмей, қолдан келетін тәсілмен (ауызша, жазбаша) бұл туралы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті. Ауызша нысандағы хабарлама кейіннен (жетпіс екі сағат ішінде) жазбаша түрде расталуға тиіс. Сақтанушы мен Сақтандырылушы бір тұлға болып табылмайтын жағдайларда, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарлау жөніндегі міндет Сақтандырылушыға жүктеледі. Егер Сақтанушының (Сақтандырылушының) дәлелді себептермен аталған іс-әрекеттерді орындау мүмкіндігі болмаса, ол мұны құжаттармен растауға тиіс;

4) сақтандыру жағдайы басталған кезде ықтимал шығындарды болдырмау немесе азайту үшін қалыптасқан мән-жайларда дұрыс және қолдан келетін шаралар алуға, оның ішінде мүлікті құтқаруға және зардап шеккен адамдарға көмек көрсету шараларын қолдануға;

5) сақтандыру жағдайы және зардап шеккен адамдар туралы тиісті органдарға олардың құзыретіне қарай (жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелеріне, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына, жедел медициналық жәрдем қызметіне, авариялық қызметтерге) хабарлауға;

6) көліктегі сақтандыру жағдайы туралы акті жасауға;

7) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты адамға кері талап қою құқығының сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге міндетті.

8.4.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтанушының Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

8.4.2. Осы Ереженің 8.4-тармағының 4), 5) және 7) тармақшаларында аталған Сақтанушының міндеттері сақтандыру жағдайы басталған сәтте көлік құралын тікелей жүргізген адамға жүктеледі.

8.5. Жәбірленуші:

1) Сақтандырушыға Сақтанушының (Сақтандырылушының) жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдауды жүзеге асыруы нәтижесінде болған сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлауға;

2) Сақтанушының (Сақтандырылушының) орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауға және оларды Сақтанушымен (Сақтандырылушымен) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан Сақтандырушыға беруге;

3) денсаулыққа және (немесе) мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы көрсететін қызметтерді пайдалануға;

4) Сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жасаған, келтірілген зиянның мөлшерін бағалаудың нәтижелерімен және сақтандыру төлемі мөлшерінің есеп-қисабымен танысуға;

5) осы Ережеде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін алуға;

6) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін осы Заңның 24-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;

7) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберуге;

8) келтірілген зиян сомасының алынған сақтандыру төлемі сомасынан асатын мөлшерінде келтірілген зиянды өтеу туралы тасымалдаушыға талап қоюға құқылы.

8.5.1. Осы Ережеде көзделген жайларда, жәбірленушінің осы тармақта белгіленген құқықтары пайда алушылар ретінде әрекет етуші өзге тұлғаларға өтеді.

9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУ ҮШІН ҚАЖЕТ ҚҰЖАТТАР

9.1. Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қояды. Сақтандырушының талап етуі бойынша өтініш беруші Сақтандырушы

қол жеткізе алатын мемлекеттік органдардың дерекқорларында және (немесе) ақпараттық жүйелерінде электрондық нысанда бар құжаттарды қоспағанда, сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың түпнұсқаларын ұсынуға міндетті.

9.2. Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдауы үшін Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы келесідей құжаттарды береді:

- 1) сақтандыру төлемі туралы өтініш;
- 2) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және жәбірленушілерге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжат;
- 3) көліктегі сақтандыру жағдайы туралы тасымалдаушы жасаған акті;
- 4) жолаушыға билет берілген жағдайда - жол жүру билеті немесе оны алмастыратын құжат (билеттерді сату) ведомосының немесе билет түбіртегінің тасымалдаушы растаған көшірмесі) немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ресімделген куә айғақтары;
- 5) жәбірленушіге еңбекке уақытша қабілетсіздіктің мерзімі туралы денсаулық сақтау ұйымдары анықтамасының немесе мамандандырылған мекемелердің мүгедектік белгілеу туралы анықтамасының көшірмесі - ол белгіленген жағдайда;
- 6) жәбірленушінің қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмесі немесе хабарлама және пайда алушының зиянды өтетуге құқығын растайтын құжат (көшірмесі) – жәбірленуші қайтыс болған жағдайда;
- 7) жәбірленушінің жоғалған, жетіспеген немесе зақымдалған (бүлінген) мүлкінің тізбесі - мүлікке зиян келтірілген жағдайда;
- 8) сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушының (Сақтандырылушының) залалды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын растайтын құжаттар - олар болған кезде.

9.2.1. Сақтандырушының сақтанушыдан (сақтандырылушыдан) не жәбірленушіден басқа да қосымша құжаттарды талап етуіне жол берілмейді.

9.2.2. Тасымалдаушы жасаған көліктегі сақтандыру жағдайы туралы актіде мынадай мәліметтер болуға тиіс:

- 1) жәбірленушінің тегі, аты, әкесінің аты;
- 2) көлік түрі;
- 3) рейс нөмірі, поезд нөмірі, кеменің атауы және т.с.с.
- 4) жол жүру бағыты;
- 5) жәбірленушіде болған жол жүру билетінің сериясы және нөмірі;
- 6) сақтандыру жағдайының басталу орны, күні және уақыты;
- 7) жәбірленушінің өміріне және денсаулығына келтірілген зақымдардың сипаты;
- 8) жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зақымдардың сипаты;
- 9) сақтандыру жағдайының мән-жайына қысқаша сипаттама;
- 10) тексеру жүргізуді жүзеге асыратын құзыретті органның атауы;
- 11) жәбірленуші жіберілген медициналық мекеменің атауы және орналасқан жері;
- 12) көлік ұйымы не көлік құралы басшысының тегі, аты, әкесінің аты және қолы;
- 13) тексеру жүргізуді жүзеге асыратын құзыретті орган өкілінің тегі, аты, әкесінің аты және қолы;
- 14) жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда, тасымалдаушының мөрі.

9.3. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және олар қабылдаған күнді көрсете отырып анықтама беруге міндетті.

Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы талабын электрондық нысанда жөнелткен жағдайда, Сақтандырушы оған осы анықтаманы электрондық нысанда ұсынуы мүмкін.

9.4. Сақтандыру жағдайын реттеу үшін өтінішті электрондық нысанда берген кезде Сақтанушыдан мамандандырылған бағдарламалық қамтылымды пайдалану талап етілмейді.

10. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

Сақтандыру төлемінің мөлшері және зиянның мөлшерін айқындау тәртібі

10.1. Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянға оның қайтыс болуына, еңбекке қабілеттілігін уақытша немесе тұрақты жоғалтуына байланысты зиянның материалдық көрінісі жатады.

10.2. Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның мөлшері тиісті ұйымдар берген құжаттар негізінде осы Ережеге сәйкес айқындалады.

10.3. Жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян жолаушының тасымалдаушы тасымалдауға қабылдап алған және (немесе) жолаушының жанындағы (қолындағы), тасымалдау кезінде жоғалған, жетіспеген немесе зақымдалған (бүлінген) мүлкінің (багаж) құнын қамтиды.

10.4. Багаж және (немесе) жолаушының жанындағы (қолындағы) заттар тасымалдаушының кінәсінен жоғалған, жетіспеген және (немесе) зақымдалған (бүлінген) кезде келтірілген зиянның мөлшері мынадай түрде:

- 1) багаж, сондай-ақ жолаушының жанындағы (қолындағы) заттар жоғалған немесе жетіспеген жағдайда - жоғалған немесе жетіспеген багаждың және (немесе) жолаушының жанындағы (қолындағы) заттардың құны мөлш;
- 2) багаж, сондай-ақ жолаушының жанындағы (қолындағы) заттар зақымдалған (бүлінген) жағдайда - олардың төмендеген құны сомасының мөлшерінде, ал зақымдалған багажын, сондай-ақ жолаушының жанындағы (қолындағы) заттарды қалпына келтіруге мүмкіндік болмаған кезде - олардың құны мөлшерінде;
- 3) тасымалдауға құны жарияланып тапсырылған багаж жоғалған жағдайда - багаждың жарияланған құны мөлшерінде айқындалады.

10.5. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ тасымалдау кезінде жолаушылардың мүлкіне келтірілген зиянның мөлшерін дәлелдеу Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) жүктеледі.

10.6. Сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде келтірілген зиянның мөлшерін Сақтанушының немесе оның өкілінің жазбаша өтінішімен Сақтандырушы айқындайды.

10.7. Мүлікке келтірілген зиянның мөлшеріне сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жасаған бағалаудың нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе жәбірленуші зиянның мөлшерін бағалау үшін басқа тәуелсіз сарапшыға жүгінуге құқылы. Бұл орайда, Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе жәбірленуші шеккен шығындар, егер жүргізілген бағалаудың негізділігі мен объективтілігін Сақтандырушы мойындаса немесе сот белгілейтін болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің жүзеге асырылғанына қарамастан, өтеуге тиіс.

10.8. Егер Сақтанушы немесе тәуелсіз сарапшы өздері сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарды алғаннан кейін жеті жұмыс күні ішінде жоғалған, жетіспеген немесе зақымдалған (бүлінген) мүлікті тиісті қарауды және мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін бағалауды сақтандыру актісін жасай отырып жүргізбеген болса, онда Сақтанушы (Сақтандырылушы) не жәбірленуші тәуелсіз сарапшы көрсететін қызметтерді пайдалануға және мүлікті қалпына келтіруді (кәдеге жаратуды) бастауға құқылы. Бұл ретте Сақтандырушы, егер зақымдалған (жойылған) мүлікті уақтылы бағалаудың мүмкін болмағандығы дәлелді себептерге (осы мүлік иесінің қайтыс болуы, сырқаттануы) байланысты екендігін не Сақтанушының (Сақтандырылушының) немесе жәбірленушінің мүлікті бағалауға ұсынудан жалтаруына байланысты кінәсі бар екендігін дәлелдей алмаса, мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін бағалаудың нәтижелеріне дау айтуға құқылы емес.

Пайда алушы

10.9. Жәбірленуші (ол қайтыс болған жағдайда - жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зиянды өтеттіруге құқылы тұлға), сондай-ақ Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе жәбірленушіге (зиянды өтеттіруге құқығы бар тұлға) келтірілген зиянды осы Заңда белгіленген Сақтандырушы жауапкершілігінің көлемі шегінде өтеуші және сақтандыру төлеміне құқық алған өзге де тұлға пайда алушы болып табылады.

10.10. Жәбірленушінің өміріне және денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі оған (зиянды өтеттіруге құқығы бар тұлғаларға) басқа сақтандыру шарттары бойынша тиесілі сомаға қатыссыз жүзеге асырылады.

10.11. Жәбірленушінің жазбаша ресімделген өтініші немесе нотариат куәландырған сенімхаты бойынша сақтандыру төлемі оның денсаулығын және (немесе) мүлкін қалпына келтіру жөнінде қызмет көрсеткен (көрсетуші) тұлғаға тікелей жүзеге асырылуы мүмкін.

10.12. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде пайда алушыдан оның Сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттарды қабылдауын талап етуге құқығы жоқ.

10.13. Сақтандыру төлемін төлеу кезінде пайда алушыдан оның Сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттарды қабылдауын талап етуге Сақтандырушының құқығы жоқ.

Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі

10.14. Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы Ереженің 9.2. тармағында көзделген құжаттарды алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде төлейді. Сақтандыру төлемі теңгемен төленеді.

10.15. Сақтандыру төлемінің мөлшеріне пайда алушы дау айтқан жағдайларда сақтандырушы сақтандыру төлемін осы Ереженің 10.14. тармағында белгіленген мерзім ішінде аталған тұлғалардың бірде-бірі қарсылық білдірмеген бөлігінде шұғыл түрде жүзеге асыруға міндетті.

10.16. Сақтандыру төлемінің дау айтылған бөлігін Сақтандырушы бітім келісімі жасалған және оны сот бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде, не, егер сот шешімді шұғыл түрде орындауды ұйғармаса, осы дау бойынша соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап төлеуге тиіс.

10.17. Егер сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соққан оқиғаның нәтижесінде жәбірленушінің денсаулығы нашарлап кетсе (мүгедектік не мүгедектіктің неғұрлым жоғары тобы белгіленсе) не қайтыс болса, онда Сақтандырушы жәбірленушіден (Пайда алушыдан) келіп түскен өтініштің және тиісті құжаттардың негізінде, сақтандыру төлемінің сомасына осы Ережеде белгіленген тәртіппен және мөлшерде қайта есептеу жүргізуге міндетті. Бұл ретте сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеу кезінде бұрын төленген сомалар есепке алынады.

10.18. Сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған кезде Сақтандырушы пайда алушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларымен белгіленген тәртіпте және мөлшерде тұрақсыз айыбын төлеуге міндетті.

10.19. Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалану арқылы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу кезінде Сақтандырушы келесілерді қамтамасыз етуге міндетті:

- 1) сақтандыру жағдайын реттеу процессінің негізгі кезеңдері туралы, оған реттеу үшін құжаттарды қабылдаудан бас тартуды (бас тартудың себептерін көрсетіп) қоса, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актімен белгіленген тәртіпте электрондық түрде Сақтанушыға (сақтандырылушыға) хабарлау;

2) Сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайына қатысты ақпаратты Сақтандырушының интернет-ресурсында тексеру мүмкіндігі;

3) Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) үшін Сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қол жеткізуді қамтамасыз етумен электрондық нысанда сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайына қатысты ақпаратты сақтау.

10.20. Сақтандырушы тәулік бойы Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдаланып, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайын реттеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

10.21. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайын реттеу туралы хабарлама дерекқор қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның атынан жіберіледі.

11. ЗИЯН КЕЛТІРГЕН ТҮЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

11.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушы Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) төленген сома шегінде мынадай жағдайларда:

1) Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекетін қоспағанда, сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері салдарынан басталса;

2) Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның көлік құралын алкогольге, есірткіге немесе уытқұмарлыққа мастық күйі жүргізуі салдарынан басталса;

3) көлік құралын жүргізуші адамның оны жүргізу құқығы болмаса;

4) соттың істі қарау барысында сақтандыру жағдайы көлік құралының техникалық ақауы салдарынан болғаны, олар туралы Сақтанушының (Сақтандырылушының) білгені немесе білуге тиісті екені анықталса;

5) көлік құралы оның техникалық сипатына сай емес мақсаттарға пайдаланылса;

6) Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру жағдайынан болатын шығындарды азайту жөніндегі шараларды қасақана қолданбаған кезде кері талап қоюға құқылы.

11.2. Егер осы Ереженің 11.1-тармағында санамаланған жағдайларда келтірілген зиянға көлік құралын оның иесімен еңбек қатынасына орай немесе оның иесінің қатысуымен мәміленің жазбаша нысанын ресімдемей пайдаланған тұлға кінәлі болып табылса, онда Сақтандырушының осы көлік құралының иесіне кері талап қоюға құқығы бар.

11.3. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға ол төлеген сома шегінде Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандырушы сақтандыру нәтижесінде өтеген шығындар үшін жауапты тұлғаға қатысты кері талап құқығы ауысады.

12. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БОСАТУ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БАС ТАРТУ

12.1. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:

1) қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

2) пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттері салдарынан болса, сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы;

12.2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін, сондай-ақ:

- 1) Сақтанушының, Сақтандырылушының, Пайда алушының залалдың тиісті өтемін залал келтіруге кінәлі тұлғадан алуы;
- 2) осы Ережеде көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау;
- 3) жәбірленушінің мүлкіне ақша, бағалы қағаздар, алтын, күмістен жасалған бұйымдар, құнды заттар, әсемдік бұйымдар, өнер туындылары немесе басқа да құндылықтар түрінде зиян келтіруі негіз болуы мүмкін.

12.3. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:

- 1) ядролық жарылыстың, радиациялық немесе радиоактивті улану әсерінің;
- 2) соғыс қимылдарының;
- 3) азамат соғысының, түрлі сипаттағы халық толқуларының, жаппай тәртіпсіздіктердің немесе ереуілдердің салдарынан туған болса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

12.4. Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға уақтылы хабарламау немесе хабарламай қою, егер бұл дәлелді себептерге байланысты болса және сақтандыру жағдайының басталғаны, жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені туралы фактіні растайтын тиісті құжаттар ұсынылса және мүлік бағалау үшін сақтандыру жағдайы басталғаннан кейінгі күйінде ұсынылса, сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіз бола алмайды.

12.5. Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер болған кезде өтінішті және барлық құжатты алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы талапты мәлімдеген тұлғаға бас тарту себептерінің уәжді негіздемесімен және Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманна жүгіну құқығы туралы хабарламамен сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жазбаша нысанда жіберуге міндетті.

12.6. Сақтандырушының осы бапта көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы жоқ.

12.7. Сақтандыру омбудсманна дауды реттеу тәртібін сақтаған жағдайда Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы жайында Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіпте және шарттармен Сақтанушының (Сақтандырылушының) және (немесе) Пайда алушы болып табылатын өзге тұлғаның сотқа шағымдануына болады.

13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

13.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

13.2. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату үшін Сақтанушы (Сақтанушы қайтыс болған жағдайда - оның мұрагері (мұрагерлері) Сақтандырушыға жазбаша өтініш береді.

13.3. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан және осы Сақтандырушымен тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандырудың жаңа шартын жасасқан кезде Сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін мынадай мөлшерлерде ұстап қалуға құқығы бар:

ССБ = $CC * n/N$, мұнда:

ССБ – сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (теңгемен);

СС – тасымалдаушыны міндетті сақтандыру шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (теңгемен);

n - тасымалдаушыны міндетті сақтандыру шарты күшіне енген күннен бастап, өтініш жасалған күнді қоса алғанда, оны мерзімінен бұрын тоқтатқан күнге дейін өткен мерзім (күнмен);

N - тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалған мерзім (күнмен).

13.4. Осы Ереженің 14.3-тармағында көзделген шарттар сақталмаған кезде сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде мынадай мөлшерлерде ұстап қалуға құқығы бар:

p/c	Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты күшіне енген кезден бастап ол мерзімінен бұрын тоқтатылған кезге дейін өткен мерзі	Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан пайызбен)
1	1 айды қоса алғанға дейін	20
2	1 айдан 2 айды қоса алғанға дейін	30
3	2 айдан 3 айды қоса алғанға	40
4	3 айдан 4 айды қоса алғанға дейін	50
5	4 айдан 5 айды қоса алғанға дейін	60
6	5 айдан 6 айды қоса алғанға дейін	70
7	6 айдан 7 айды қоса алғанға дейін	75
8	7 айдан 8 айды қоса алғанға дейін	80
9	8 айдан 9 айды қоса алғанға дейін	85
10	9 айдан 10 айды қоса алғанға дейін	90
11	10 айдан 11 айды қоса алғанға дейін	95
12	11 айдан жоғары	100

14. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

14.1. Қазақстан Республикасының тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңдарын бұзуға, сондай-ақ сақтандыру жағдайын қасақана жасауға және сақтандыру төлемдерін заңсыз алуға бағытталған өзге де құқыққа қарсы іс-әрекеттер істеуге кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

15. ТАСЫМАЛДАУШЫНЫҢ ЖОЛАУШЫЛАР АЛДЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

15.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дау болған кезде сақтанушы (жәбірленуші, пайда алушы) жазбаша нысанда:

- 1) талаптарын көрсетіп және өзінің талабын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, өтінішін сақтандырушыға (оның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге не
- 2) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін өтінішін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) немесе сотқа жіберуге құқылы

15.2. Сақтандырушы сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) өтінішті алған кезде 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды және дауды реттеудің одан кейінгі тәртібін көрсете отырып жазбаша жауап береді.

15.3. Сақтанушы (жәбірленуші, пайда алушы) сақтандыру омбудсманына өтініш жасаған жағдайда, сақтандырушы сақтанушының, жәбірленушінің (пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды сұрау салу алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

16. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

16.1. Осы Сақтандыру шартында айтылмаған барлық жағдайлар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі;

16.2. Тараптардың келісімімен, Ережеге сәйкес жасалатын сақтандыру келісімшартына ерекше шарттар (сақтандыру түсініктері, анықтамалар және т.с.с.) енгізілуі мүмкін, егер олар Заңға және басқа заңнамалық актілерге қайшы келмесе.

16.3. Сақтанушы өзінің қолтаңбасымен Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Сақтанушының, Сақтандырылушының (Пайда алушының) дербес деректерін жинауға, өңдеуге, сақтауға және беруге өз келісімін, сондай-ақ Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісімін береді:

- 1) «Мемлекеттік кредиттік бюро» Акционерлік қоғамынан (бұдан әрі – Бюро) Сақтандырушының деректер алуына;
- 2) мемлекеттік дерекқор иелерінің Бюроға Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) туралы ақпаратты тікелей немесе үшінші тұлғалар туралы беруіне;
- 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызмет атқаратын заңды тұлғаға Сақтанушы (Сақтандырылушы (Пайда алушы) туралы қолда бар және келешекте келіп түсетін ақпаратты Бюроға және Бюро арқылы Сақтандырушыға беруге.
- 4) дербес деректерді шекара асырып беруге және дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруге;
- 5) Сақтандырушының қызмет мақсатын жалпы іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 830-бабының 4-тармағына сәйкес Сақтандырушының сақтандыру құпиясын ашуына.

16.4. Сақтандырушы дербес деректерді сақтау мерзімін келешекте дербес деректерді сақтаудың қажеттілігі қалмағанша белгілейді. Дербес деректер Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ Сақтандырушының жалпы қызмет мақсаттарын іске асыру үшін пайдаланылады.

16.5. Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының) дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушыдан (Пайда алушыдан) жазбаша келісімін, оның ішінде Ереженің 17.3. тармақтың 1)-5) тармақшасында көрсетілген келісімін талап етуге міндетті.

16.6. Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының) дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісімінің, оның ішінде Ереженің 17.3. тармақтың 1)-5) тармақшасында көрсетілген келісімінің болмағаны үшін жауапты болады.

16.7. Сақтандырушы сақтандырушының интернет-ресурсын және (немесе) басқа ұйымдардың интернет-ресурстарын пайдалану кезінде «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 15-2. Бабының 1-тармағына және 2-тармағының екінші абзацына сәйкес,

Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды сақтау туралы заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асыру кезінде дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етеді.